

М. УМАРОВ

# Оқу китабы



Жалпы орта білім беретін мектептердің  
1-сыныбына арналған оқулық

Өзбекстан Республикасы Халыққа  
білім беру министрлігі бекіткен

Тоғызынышы басылымы



ТАШКЕНТ – «О'ЗБЕКИСТОН» – 2019

УЎК 372.41+821.512.122-3  
КБК 81.2(Каз)  
У-55

## Респубикалық мақсатты кітап қоры қаржылары есебінен басылды.

### Пікір жазғандар:

- А. Нысанбаева* – Низами атындағы Ташкент  
Мемлекеттік педагогика университетінің доценті,  
«Бастауыш білім беру және спорт мәдениеті» факультетінің доценті,  
педагогика ғылымдарының кандидаты;
- Б. Оразов* – Гүлстан Мемлекеттік университетінің,  
казақ әдебиеті пәні оқытушысы;
- Б. Жолдыбекова* – Ташкент облысы, Шынаң ауданындағы  
12 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып оқытушысы;
- А. Фаниева* – Ташкент облысы, Қыбырай ауданындағы  
9 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып оқытушысы.

## Өзіндік (практикалық) тапсырмалар

### Шартты белгілер:



— ОҚЫ.



— есінде сақта.



— сұрақтар мен тапсырмалар.

— сабак аяқталды.

ISBN 978-9943-01-730-6

© М. Умаров, 2011–2019

© «О'ЗБЕКИСТОН» БПШУ, 2011–2019

# I бөлім. БІЗ–ОТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ

## ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК ӘНҰРАНЫ



Әні: Мутал Бурхановтікі  
Сөзі: Абдулла Ариповтікі

Серқүёш, ҳур үлкам, әлга баҳт, нажот,  
Сен ўзинг дўстларга йўлдош, меҳрибон!  
Яшнагай тоабад илм-у фан, ижод,  
Шуҳратинг порласин токи бор жаҳон!

### Нақарот:

Олтин бу водийлар – жон Ўзбекистон,  
Аждодлар мардона руҳи сенга ёр!  
Улуғ халқ қудрати жўш урган замон,  
Оlamни маҳлиё айлаган диёр!

Бағри кенг ўзбекнинг ўчмас иймени,  
Эркин, ёш авлодлар сенга зўр қанот!  
Истиқпол машъали, тинчлик посбони,  
Ҳақсевар она юрт, мангу бўл обод!

## Нақарот:

Олтин бу водийлар – жон Ўзбекистон,  
Аждодлар мардона руҳи сенга ёр!  
Улуғ халқ қудрати жүш урган замон,  
Оламни маҳлиё айлаган диёр!



Әнүранды жаттап алындар.



## 1 ҚЫРКҮЙЕК–ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ



1991 жылдың 31 тамызы –  
Өзбекстанымыз үшін ғасырға тати-

тын күн болды. Осы күннен бастап Өзбекстан елінде киелі «Тәуелсіздік» сөзі асылға баланып, жүректердің төрінен орын алды.

(Сафар Барноев.)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

Өзбекстан Республикасының тәуелсіздік күні қашан қабылданған?



## ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ



Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік туы 1991 жылдың 18 қарашасы күні қабылданды.

Мемлекеттік тудағы рәміздер бүгінгі Өзбекстанның бұл аумақта ежелден өмір сүрген мемлекеттермен тарихи тұрғыдан байланысты екенін аңғартады.

1. Тудағы көк тұс – тіршілік мағынасы бейнеленген мәңгілік аспан мен судың рәміzi. Бейнелеп айтқанда, бұл жақсылықты, ұлылышты, адалдықты, даңқ пен Отанға берілген дікті білдіреді. Әмір Темір мемлекетінің туыда көк түсті болған.

2. Тудағы ақ тұс – киелі бейбітшілік рәміzi. Ол жарқырап тұрған күн көзі мен кеңістік шырақтарымен үйлескен. Ақ тұс пәктіктің, кіршіксіз тазалықтың, жандүние сұлулығына ұмтылудың да рәміzi болып табылады.

3. Жасыл тұс – табиғаттың жаңару рәміzi. Ол көптеген халықтарда үміт пен шаттықтың белгісі болып саналады.

4. Қызыл сызықтар – тәнімізде тулап аққан тіршілік көздері.

5. Жарты ай – біздің тарихи салт-дәстүрлерімізben тығыз байланысты белгі. Сондай-ақ, ол – тәуелсіздігіміздің де рәмізі.

6. Жұлдыздар барлық халықтар үшін рухани құдіреттің белгісі болып саналған. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік туындағы 12 жұлдыз бейнесі тарихи үрдістерімізben, ежелгі күнтізбектерімен де астасып жатыр.

### Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік туы қайда, қашан бекітілді?
2. Тудағы көк, ақ, жасыл түстер ненің рәмізі?
3. Тудағы қызыл сызықтар нені білдіреді?
7. Жарты ай ненің рәмізі?
8. Жұлдыздар халық ұғымында қандай белгі болып саналады?



# ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ



Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы 1992 жылдың 2 шілдесінде қабылданды. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы гүл жайнаған өлке үстінде нұрын шашып тұрған күн бейнесі, оң жағында бидай масақтары, сол жағында ашылған мақта шанақтары бейнесі түсірілген шенберден тұрады.



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы қашан бекітілді?

2. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасына нелердің бейнесі тұсірілген?
3. Елтаңбаның орталығында қандай құс бейнеленген?
4. Спортшыларымыз жеңіске жеткенде, ненің құрметіне елтаңба көтөріледі?



## ОТАНЫМЫЗДЫҢ ҚАЛАЛАРЫ

Бір күні Асқар Отанымыздың қалаларын сұрап-біліп алуды үйғарды. Асқардың әкесі Сабыр ағай қалааралық автобуста жүргізуші болып істейтін еді.

—Көке, ең көне қалалар қайсы?— деп сұрады Асқар әкесінен.



—Самарқант, Бұхара, Хиуа,—деп тіл қатты Сабыр ағай.

—Тал-терегі де, гүлдері де көп қалалар қайсы?

—Әндіжан, Ферғана, Наманган,—деді Сабыр ағай.

—Көке, жазы ерекше ыстық қалалар қайсы?

—Терміз бен Қаршы қалалары.

(Ақшагүл Төлөгенова.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Асқар нені үйғарды?
2. Ең ыстық және ең көне қалалар қайсы екен?
3. Мәтіндегі қала аттарын теріп жазындар.



### ТАШКЕНТ



Ташкент—Өзбекстан Республикасының астанасы. Ол—Шыршық өзенінің аңғарына орналасқан ежелгі қала.



Ташкенттің жазы ыстық. Қысы сұық емес.

Астанамызда гүлдер жайқалып, бағында құстар сайрап тұрады.

Ташкенттің көшелері кең, әрі әсем. Онда биік, сәулетті үйлер көп.

Ташкент – білім ордасы. Мұнда жас жеткіншектер білім алады. Қалада завод, фабрика, мұражай, саябақтар мол.

(«Нұрлы жол» газетінен.)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ташкент қай республиканың астанасы?
2. Ташкенттің ауа райы қандай?
3. Мәтіннің мазмұнын айтып беріңдер.

## Сөздік

Орда—ғылым, мәдениеттің орталығы деген сөз.

Мұражай—тарихи деректерді жинайтын, сақтайтын мекеме.



## САМАРҚАНТ

Көз тартады өрнегі  
Күнмен бірге нұрлана.  
Мұнда туып, өрледі  
Ұлықбектей бір дана.

Сан ғасырды иықтап,  
Сәулет құрды қаламыз.  
Мәңгі жатыр үйиқтап  
Әмір Темір бабамыз.



Көріп пе ек әр елде,  
Мұндай әсем қаланы?  
Аян бүгін әлемге  
Регистандай алаңы.

(Наурызбай Жарбосынұлы.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Суретте нелер бейнеленген?
2. Регистан алаңын көргендерің бар ма?
3. Өлеңді жаттап алыңдар.



## САМАРҚАНТ НАНЫ



Болсаңыз біздің шаһарда  
Оянып, аппақ таң атарда,  
Әр қала өзінше танылар,  
Ал, мұнда Самарқант наны бар!

Дастарқан сәні ғой осы нан,  
Құрметтен ыстық бұл, қосылам.  
Құн шықпай пісірсөң әзірлеп,  
Қаймақ жақ, тамаша мәзір деп.  
Байқасаң, мәнді ғой осы нан,  
Жұмсақ та дәмді ғой осы нан.

(Марданқұл Мұхамадқұлов.)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қай қаланың өзгеше наны бар?
2. Дастананың сәні қай тағам?
3. Өлеңнің мазмұнын әңгімелендер.



## Асыл сөз

Нанға құрмет – елге құрмет.

## Сөздік

Дастарқан – үстелге немесе жерге жайып, тамақ қоятын кездеме.



Мәзір – қолдағы нақты бар нәрсе.

## БҮХАРА

Қолынды досқа бұлға да,  
Аркаға шығып бір қара.  
Ибн Сина ізі бар  
Гүл қала–бүгін бұл қала.

Мұнара сынды тік тұрған  
Алыптың өзі–Бұхара.  
Әткен бір күнді ұқтырған  
Тарихтың көзі–Бұхара.



Ілімін өлем мақтаған  
Дананың үні – Бұхара.  
Қашан да ізет сақтаған  
Анадай ұлы – Бұхара.

(Мекембай Омарұлы)

## Мақал

Туған жердей жер болмас,  
Туған елдей ел болмас.



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Суретте қай қаланың мұнаралары көрініп тұр деген ойлайсындар?
2. Бұхараны ақын кімге теңеп отыр?
3. Өлеңнің қалаған шумағын жаттап алындар.
4. Бұхара жайлы өлең, кітап жинаңдар.



## Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Әнұран дегенде нені түсінесің?
2. Мемлекеттік әнұранның авторлары кімдер?
3. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік туы қашан бекітілген?
4. Туда неше түрлі түс бар?
5. Тудағы көк, ақ, жасыл түстер ненің рәмізі?
6. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы қашан бекітілген?
7. Мемлекеттік әнұранды жаттап алындар.
8. Отанымыздың көне қалалары қайсылар?
9. Самарқанның наны несімен әлемге әйгілі?



## II бөлім. ҚЫС ТАНДАРЫ



### ҚЫС

Жер ақ қарға оранды,  
Күн аязды, боранды.

Жылды жаққа кеткен құс,  
Көктемде күт оларды.

Мұрынымыз қызыарып,  
Құлақтарды үсітті.  
Қысқа тұндер ұзарып,  
Кидік тон мен ішікті.

(Ескен Елубаев.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бұл жылдың қай мезгілі?
2. Жер неге оранды?
3. Өлеңді жаттап алындар.



### ЖАҢА ЖЫЛ

О, жаңа жыл – құтты жыл,  
Жаңа бақыт, несібем.

Ескі жылдың қып-қызыл  
Қоштастық біз кешімен.

Шаттық бөлеп әр үйді,  
Сөнбей тұр бар шырақ та.  
Шанамызда біздердің  
Мойнақ отыр бірақ та.



(«Балдырган» журналынан.)





## АЯЗ АТА КЕЛЕДІ



Аппақ қарға омбылап.  
Достар ән сап береді,  
Қолдарына домбыра ап,  
Күйді де тартып келеді.

Жарық жұлдыз шырағы  
Ілініпті жоғары.  
Қабырғада тұр сағат,  
Жүргегімдей соғады!.

О, жаңа жыл, жаңа жыл,  
Сені күтіп аулада  
Куанып бар бала жүр!

(«Балдырыған» журналынан.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жыл мезгілдері туралы не білесіндер?
2. Біздер немен қоштастық?
3. Достар кімге ән салып береді?
4. Өлеңді жаттап алыңдар.



### ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС



Оқушылар қысқы демалысты қызықты өткізді. Олар көлге барды. Оқушыларды көлге оқытушы ағай бастап барды.

Көлдің бетіне қалың мұз қатыпты. Оқушылар мұз үстінде коньки тепті.



Демалыс кезінде кітапхана ылғи ашық болды. Оқушылар кітапханадан кітап алды. Олар қызық кітаптар оқыды.

Оқушылар оқыған кітаптарын бір-біріне әңгімелеп берді.

Оқушылар аққала жасап та ойнады. Олар әрқашан бір-бірімен тату болып, бірге жүрді.

Демалыс аяқталды. Оқушылар мектебіне оралды.

(Ағира Хайдарова.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сендер демалысты қалай, қайда өткіздіңдер?
2. Оқушылар қайдан кітап алды?
3. Қысқы демалыс бойынша шағын әңгіме жазып келіңдер.



## Сөздік

Конъки—мұз үстінде сырғанауға арналған жабдық.

Аққала—қардан әртүрлі мүсін жасап ойнайтын балалар ойыны.



## ЖЕЛМЕН ЖАРЫС

Шаңғы мініп шаңқай түсте  
Жарыстым мен желменен.  
Қанат қағып, күшін үстеп,  
Қалыспады ол менен.



Жел соңымда шуылдады,  
Ұзармасын жол неге?  
Шаңғым зулап зырылдады  
Ылдида да, өрде де.



Дүние толып тәтті күйге,  
Ағаш басын қозғады.  
Желден бұрын жеттім үйге,  
Жел өзімнен озбады.

Жел жете алмай жеке қалды,  
Мүмкін әдеп сақтады.

Үйді айналып кете барды,  
Қағып біраз қақпаны.

(Тұманбай Молдағалиев.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Оқушы желмен қалай жарысты?
2. Жел балаға неге жете алмады?
3. Жел қандай әдептілік көрсетті?
4. Өлеңді мәнерлеп оқып келіндер.

### Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Қыста жер неге оранды?
2. Аязата қалай кіріп келеді?
3. Ауладағы балалар неге қуанышты?
4. Қыс қай айдан басталады?
5. Қыста қандай мерекелер бастала-
6. Қыс мезгілі жайлы қысқа әңгіме  
жазындар.



### III бөлім. БІЛІМ–ӘМІР ШЫРАҒЫ



#### ОҚУ МЕН БІЛІМ ТУРАЛЫ



Оқу, ақыл-ес қаранғы түндегі жа-рыққа ұқсайды. Білім сол жарықтан тарайтын нұр деуге болады. Оқу құт-береке дарытады, білім даңққа бө-лейді. Осы екі қасиеті бар адам ұлы адамдардың қатарынан орын алады.

Бұған сенбесең, шүбәлансан, көзінді кеңірек аш. Маған данышпандардың мыналадай бір өнегелі сөзі жақсы мәлім:

«Білімді адам өз білімінің арқасында жамандық пен бақытсыздықтардан аман қалады».

(Сұлтан Қалиұлы.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Білім, оқу, ақыл-ес неге үқсайды?
2. Суреттен нені үқтываютдар?
3. Мәтінді мәнерлеп оқып келіндер.



### Сөздік

Дарытады – бойға сіңіру, әсер ету.  
Шубәлану – бір нәрсеге сенбеу.  
Данышпан – ақылды, өте білгір адам.  
Даңқ – атақ, абырой, мәртебе.

### Асыл сөз

Білім кімде болса, соны ізде.

### Мақал

Оқу – білім азығы,  
Білім – ырыс қазығы.

## Жұмбақ

Оны алмасаң, оңалмайсың,  
Алсаң, ұстап көре алмайсың.

(Білім.)

(Жүсіп Баласағұни.)



## БАБАЛАР БІЛІМ, ӘДІЛЕТТІК ТУРАЛЫ НЕ ДЕЙДІ?

Білім – адамның байлығы.

(Сауфи Сараи.)

Белгісі болса, жолдан жаңылмас,  
Білімі болса, сөзден жаңылмас.

(Махмұт Қашқарі.)

Әділ заң – аспан тірегі.

Балам бол, басқа бол, бәріңе заң  
біреу-ак.

(Жүсіп Баласағұни.)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жүсіп Баласағұни қандай өрнекті сөз айтты?
2. Кім жолдан несі болса жаңылмайды?



## МҰҒАЛИМА

Мынау менің сезгенім:  
Ол—сыныптың анасы.  
Өзінің де,  
Өзгенің  
Баласы—оның баласы.

Қай кезде де, ол анық,  
Қайғырмайды өзі үшін.  
Біздер үшін қуанып,  
Қызарады біз үшін.



Күнде «бестік» алсан сен,  
Онда басқа жоқ арман.  
Ал оқымай барсан сен,  
Бір тал шашы ағарған.

Жақсы болсан, шынында,  
Қартаймас деп айта алам.  
Жаңа оқу жылында  
Жасарады қайтадан.

(Қадыр Мырзалиев.)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сыныптың анасы кім?
2. Мұғалима кім үшін қайғырады, ойланады?
3. Өлеңді мәнерлеп оқып келіндер.

## Жұмбақ

Білімнің дәнін тереді,  
Балаға тәлім береді.

(Мұғалима.)



## ҰЙҚАСЫН ТАУЫП АЙТЫНДАР

Жыртылып жұтап  
Тұрмасын ....

Балаға көшіргіш  
Бермейік ....

## Асыл сөз

Аз ғана жақсы іске көп рақмет айт.

(Ж. Баласағұни.)

## Сөздік

Қызарады—ұялу, қысылу.  
Өзге—басқа бір адам.



## МЕКТЕБІМ

Орын ап төріңнен,  
Гүл болып көктедім.  
Не деген көнілді өң,  
Мектебім, мектебім.

Күн болып көгімнен  
Санама от бердің.  
Не деген көнілді өң,  
Мектебім, мектебім.

Өзінде даналық,  
Өзінде көктемім.  
Бақытты балалық—  
Мектебім, мектебім.

(Мұбәрак Жаманбалинов.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сендерге білім беретін орын не деп аталады?
2. «Гүл болып көктедім» деген өлең жолынан не түсіндіндер?
3. Өлеңді жаттап алындар.





## Жұмбақ

Түк білмей барасың,  
Тәлімін аласың.  
Есейіп кетсең де,  
Қарыз боп қаласың.

(Мектеп.)  
(«Балдырган» журналынан.)



## КІТАП



Алмас бір кітапты ала сап, дауыстап оқи жөнелді. Оның жанына қарындасы Назым келді де:

- Әңгіме қызық па еken? —деді.
- Білмеймін, —деді Алмас иығын қиқаң еткізіп.
- Қалайша білмейсің? Айқайлап оқып отырсың ғой, —деді қарындасы таңданып.
- Мен оқып отырғаныммен, әңгімені тыңдалап отырған жоқпын, —деді Алмас.

(«Балдырган» журналынан.)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бізге білім және ақыл, кеңес берген не?
2. Кітапты сызба, жыртпа.
3. Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқы.



## Жұмбак

Жұз парақ, не мың парақ,  
Қалай әсем қаттаған?  
Тұрады одан нұр тарап,  
Кім бар нәрін татпаған?

(Кітап.)

(Әмірзак Қожамұратов.)



## ДӘПТЕР



Дәптер – сенің сырласың,  
Дәптер досың болады.  
Әріптердің сұлбасы  
Дәптеріңе қонады.

Айтқан сөзін құпта да,  
Ұстазыңды құрметте.

Дәптерінді күт, бала,  
Дәптерінді кірлетпе.

(Нұрхан Жанаев.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әріптерді ең алғаш неге жазасындар?
2. Дәптерінді жыртпа, кірлетпе.
3. Өлеңді жаттап алындар.



### ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Кітапты сыйып, ашық жеріне жа-  
зып оқу дұрыс емес.

Тамақ ішіп отырғанда, қолға кітап  
алмау қажет.

Кітапты оқып, келген жерін  
бүктемей, арасына парапаша қою ке-  
рек.

### ҚАМҚОРШЫ

Мекендереген портфелімді,  
Беттері аппақ, ақ көнілді.

Қызаратын қатем үшін  
Кірлетпеймін ... (дәптерімді).

(Сұлтан Қалиев.)



## НЕ ЖАРАСАДЫ?

- Шегірткеге не жарасады?
- Секірген.
- Қолтырауынға не жарасады?
- Кекірген.
- Құланға не жарасады?
- Пысқырған.
- Жыланға не жарасады?
- Ысқырған.
- Ал, тауыққа не жарасады?
- Шоқыған.
- Ақылдыға не жарасады?
- Оқыған.

(Қадыр Мырзалиев.)

## Жұмбак

Ойынды жазасың,  
Аласың мазасын.

Беттері біткен соң  
Бастайсың тазасын.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Суретте бала мен қыздың қай сәті бейнеленген?
2. Ақылды балаға не жарасады екен?
3. Мәтінді кезектесіп, рөлге бөлініп оқындар.

### Асыл сөз

Білімдінің сөзін тыңда,  
Айтқаның үйрен, іске асыр.



(М. Қашқари.)

### ӘРІПТЕРДІ ТАБЫНДАР

Балалар, мына тор көздерде құстар мен жәндіктердің атауы жасырынған. Ортадағы бос тор көздерге тиісті екі әріпті қойып, солардың атауын табындар

1. К е е е к
2. К е р ы қ а
3. Т а б қ а
4. Қ ұ м р қ а
5. Б ұ б л
6. Қ а р ы а ш

Осы құстар мен жәндіктер тұралы билетіндерінді бір-біріңе әңгімелеп беріндер.



## БАҒДАРШАМ

Бағдаршам – өмірімізді жазынан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамызға керек. Көшеде жүру ережесін білген бала жаман бала болмайды.



Көреген дәу қырағы  
Көшемізде тұрады.  
Бағынамыз әрқашан  
Ашса кезек үш көзін:  
«Тоқта!», «Сақтан!», «Жол ашық!»  
  
Қызыл көзі жанса,  
Мейлі, көлік, тоқта!

Қатып қалған жанша  
Қыбыр етпе, тоқта!

Сары көзі жанса,  
Сен мынаны аңғар:  
Тұрып қалмай онша,  
Қозғалуға қамдал.

Жанса көзі жасыл,  
Жолың айдай, ашық.  
Жүре бергін батыл,  
Керегі жоқ сасып!

(«Балдырган» журналынан.)



### Жұмбак

Көзін ашып жұмады,  
Бағыт сілтеп тұрады.

Кебежесін толтырып  
Әр түрлі жүк артады.  
Содан соң сансыз жолдармен  
Сан тарауға тартады.



(Өмірзак Қожамұратов.)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жол қылышында неге қарау кепрек?
2. Қай шырақ жаңғанда жол ашық болады?
3. Суреттегі шөжелерді тауық дүрыс бастап бара жатқанын аңғарындар.

## Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Сендерге білім беретін орын не деп аталады?
2. Жол қылышқанда неге қарау кепрек?
3. Қай шырақ жаңғанда жол ашық болады?
4. Білімнің дәнін тергізетін кім?
5. Сендер өздеріне көмектескен жаңға не айтасындар?
6. Оқу-құралдарына мемлекет мұлкі ретінде көзқараспен қарандар.
7. Қадыр Мырзалиев аталарының тағы қандай өлеңдерін білесіндер?
8. Дәптерлерінді таза сақтауға машиқтан.



## IV бөлім. ҰЛЫЛАР ҰЛАҒАТЫ

### ҰЛЫ АДАМДАР ОТАНЫ

Өзбекстан ұлы адамдары – ақындары мен ғалымдары, атақты мемлекет қайраткерлерімен де дүниеге мәшһүр.

Әмір Темір бабамыз елімізді аbat etу мен көркейтуде де елеулі еңбек атқарған. Медреселер, сарайлар құрып, жолдар салған. Бау-бақша жаратқан Темір бабамыз туған жердің әрбір қарысын көз қараашығындай ардақтауды да үйреткен.

Мырза Ұлықбек бабамыз аспандағы жұлдыздарды санаған. Көптеген жұлдыздардың орналасу жайын анықтаған.

Біз Әлішер Науай бабамыздың жырлары мен нақыл сөздерін өте ардақтаймыз.

*(Құттыбыке Рақымбаева.)*



## Сұрақтар:

1. Ұлы бабалар туралы нені біліп алдындар?
2. Атақты бабаларымыздан тағы да кімдерді білесіндер?



## ӘМІР ТЕМІР



Әмір Темір бабамыздың әкесінің аты – Тарагай, анасы – Тегене бегім.

Сайыпқыран Әмір Темір әкесінің де, анасының да алдын кесіп өтпеген. Оларды әрқашан қадір тұтып, ардақтаған.

(«Достық туы» газетінен.)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әмір Темір бабамыздың ата-анасының аты кім?
2. Әмір Темір ата-анасын қалай ардактаған?



## ӘМІР ТЕМІР МҰРАЖАЙЫНА САЯХАТ



Бірде Арман атасымен қалаға аттанды. Атасы оны басқа жаққа емес, тұп-тура Әмір Темір мұражайына бастап барды. Арманнан атасы:



—Мына ғимараттың не екенін білесің бе? —деп сұрады.

—Білемін, теледидардан көріп жүреміз ғой. Атын ұмытып қалдым,—деді Арман басын қасып.

—Бұл—сайыпқыран Әмір Темір ба-баңың мұражайы,—деді Арманға атасы.

—Ата, бұл мұражай қашан салынған өзі?

—Әмір Темір бабамыздың туылған күнінің 660 жылдығына орай 1996 жылы салынған. Мұнда көп көрмелер орналасқан.

—Мұндағы тарихи жәдігерліктердің саны қанша, ата?

—Үш мыңнан асады,—деді Арманың атасы.

—Енді ішіне кірейік,—деді Арман әсем ғимаратқа көзін қадап.

Ертеңіне Арман Әмір Темір мұражайынан көрген-білгендерін достарына әңгімелеп берді. Содан соң:

—Мына бірінші суреттегі—сайып-қыран бабамыздың мәрі, екінші суреттегілер—өзі соқтырған теңгелер, ал үшінші суреттегілер—оның қылышы мен қыны,— деп Арман мұражайдан ала келген үш суретті көрсетті.

(«Гулхан» журналынан.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Арман қайда аттанды?
2. Атасы Арманды қайда бастап барды?
3. Мәтінді оқып келіндер.



### Сөздік

Сайыпқыран—ер, батыр деген сөз.

Ғимарат—имарат, үй деген сөз.

Қын—қылыш салу үшін былғарыдан жасалған зат.



## Мақал

Жақсы адам – елдің ырысы,  
Жақсы жер – жаннның тынысы.



## ӘМІР ТЕМІРДІҢ ҰЛАҒАТТЫ СӨЗДЕРІ

### 1. Достық туралы:

- Жақсыны басыңа күн туғанда сына.
- Бірліксіз күш болмайды.
- Опалы шын дос өз досын ренжітпейді.

### 2. Ақыл мен әділет туралы

1. Күш – әділетте.
2. Ақ болсаң, ант ішпе.
3. Қорықпасаң, жау қашады.
4. Басқа қылыш таяса да, рас сөйле.



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әмір Темір бабамыз туған жеріміз үшін қандай қызметтер атқарған?
2. Әмір Темір бабамыз бәрінен де нені ардақтаған?

## ҰЛЫ БАБА



Төле Әлібекұлы – қазақтың кеменгер, данышпан билерінің бірі. Оның тапқырлығы, шешендігі, қара қылды қақ жарған әділдігі жайында аңыз әңгімелер көп. Оның кесенесі Ташкентте.

## ҚАРЛЫҒАШ БИ

(Мұғалім оқып береді)

Ташкент алқабы – жері құнарлы, бай ел. Ертеде осы елді жау шабады. Озбыр жаудан ел қаша жөнеледі. Бірақ осы елдің биі болған Төле баба қашпақ тұғіл, үйін де жықпайды. Таң

атқанда жаудың әскербасысы оның алдына жетіп келеді.

—Әй, шал, сенің көшпеуіңің себебі не?—деп таңданып сұрайды ол. Сонда Төле баба:

—Сен маған емес, алдымен үйімнің шаңырағына қара,—дейді.

Қылышы жарқылдаған жау әскербасысы дереу шаңыраққа көз тастапты. Оның көзі сонда шаңырақта ұясы бар қарлығаш пен балапандарға туследі. Төле би жау әскербасысына:

—Шырағым, шаңырағымды жықсам, осы қарлығаштың ұясы бұзылып, шырылдал қала ма деп көшпей отырмын,—депті.

**Жау әскербасысы:**

—Адам түгіл, құстың да ұясының бұзылмауын ойлаған мына кісі әулие екен, —деп кешірім сұрап, кері қайтып кетіпті. Осы оқиғадан соң Төле Әлібекұлын қалың елі «Қарлығаш би» деп атай бастапты.

(Халық ауыз әдебиетінен.)





## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Төле би кім?
2. Ел неге қаша жөнелді?
3. Төле би неліктен «Қарлығаш би» деп атала бастады?
4. Төле бидің Ташкенттегі кесенесіне саяхат жасандар.

## АБАЙ



Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны. Ол елді бірлікке, ынтымаққа, білім алуға жігерлендірді.

Абай жастарды өмірден өз орнын табуға шақырды:

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсан, арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге  
Кетігін тап та, бар, қалан!

## АБАЙДЫҢ НАҚЫЛ СӨЗІ

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек.

Әуелгісі – надандық, екіншісі – еріншектік,  
үшіншісі – залымдық деп білерсің.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Абай Құнанбаев кім болған?
2. Адам баласын қор ететін не?
3. Абай атаның өлеңін жаттап алындар.
4. Өзің білетін нақыл сөзді жазып кел.

### Сөздік

Надандық – білімсіздік, топастық.

Еріншектік – жалқаулық, жұмыс істегіci  
келмеушілік.

Залымдық – мейірімсіздік, рақымсыздық.



### ӘЛІШЕР НАУАИ

9 ақпан – Әлішер Науай  
бабамыздың туылған күні.



Әлішер Науай – ұлы ақын,  
мемлекет қайраткері. Ол 15  
жасында елге ақын ретінде  
әйгілі болды.

Әлішер баба Қырат қаласында туылып, Самарқантта білім алды.

Ұлы бабамыз өз қаржысына жолдар, көпірлер, каналдар мен мектептер салдырған.

Әлішер Науай көп шығармалар жазған.



### Науайдың өнегелі сөздері

Білмегенді сұрап үйренген—ғалым,  
арланып сұрамаған—өзіне залым.

Жақсылықты білмесен, жақсыларға  
қосыл.

Жақсылық істей алмасаң, жамандық  
та істеме.

Көп сөйлеген көп жаңылысады, көп  
жеген көп жығылады.

Тіл тас жарады, тас жармаса бас  
жарады.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әлішер Науай неше жасында өлең жазған?

2. Ол кісі өз қаржысына не салдырды?
3. Өнегелі сөздерді жаттап келіндер.



## ӘБУ ӘЛИ ИБН СИНА

Иbn Сина—әлемге кеңінен танымал әкім және ғалым да болған. Оның шын аты—Хұсайын. Ол жас кезінен ғылымға, дәрігерлік іліміне өте қызыққан. Бұл бабамыз өз кітаптарымен әлемнің медицина ғылымының негізін қалаған.

Әбу Әли ибн Сина өзі емдең жатқан науқастарына мынадай деген: «Біз үш жақтамыз—мен, сен және дерт. Егер сен дерптің жағына өтіп алсан, екеуінді де емдеуім қыын».



### Сұрақтар:

1. Ибн Синаның шын аты кім?
2. Ол қай ғылымға көбірек қызықты?



## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН



Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин қазақ балалары үшін алғаш мектеп ашқан – ұлы ұстаз, жазушы, ақын.

### БҰЛ КІМ?



Бала, бала, бала деп,  
Тұнде шошып оянған.  
Тұн үйқысын төрт бөліп,  
Тұнде бесік таянған.

Аялы қолда талпынтықан,  
Қаймақты сүттей балқытқан.  
Суық болса жөргекте,  
Қорғасын оқтай балқытқан.

Айналасына қас қойып,  
Айдынды көлдей шалқытқан.  
Кірлі көйлек кигізбей,  
Іісін жұпар аңқытқан.

*Ыбырай Алтынсарин*



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өмірде ең жақын адам кім деп ойлайсындар?
2. Кірлі көйлек кигізбеген кім?
3. Ана жайлы тақпақ жаттап келіндер.



## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ



Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлы ағартушысы, ақын, аудармашы, әдебиет зерттеушісі. Бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Ол мұғалім болып, бала оқытты.



Жас үрпақтың көзін ашты, газет шығарды. Түрлі қызмет істеп, үлгі-өнеге көрсетті. Ол өз халқына адал қызмет етті. Оның қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білімге шақыруы тарих ұмытпайтын істер болып табылады.

## ОҚУҒА ШАҚЫРУ

Балалар! Оқуға бар!  
Жатпа қарап!  
Жуынып киініңдер, шапшанырақ!  
Шақырды тауық мана өлдеқашан,  
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.  
*А. Байтұрсынұлы.*



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ахмет баба неге «Оқуға бар» деп жатыр?
2. Күн неге терезеден жылтырап қарап тұр?



## ЖАЛАҢТӨС БАҢАДҮР СЕЙІТҚҰЛҰЛЫ

Жалаңтөс бабамыз – әскербасы. 1576 жылы Сырдария жағалауында өмірге келген. Жалаңтөс атақты Әйтеке бидің атасы болып келеді. Жалаңтөстің әкесі Сейітқұл туыстарымен бірге Бұхараға жақын Бұраты тауына қоныс аударды. Жалаңтөс батыр 12 жасынан Тамды және Қызылқұм қазақтарының

ханы Дінмұхамедке қызмет етті. Жас кезінен-ақ батырлығы, зерделілігі, төзімділігі арқылы көзге түсті. 1640 жылы Жалаңтөс батыр қазақ және өзбек жерлеріне шабуыл жасаған Батыр әскерлеріне қарсы қол бастап шығып, оны жеңіліске ұшыратты.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**



1. Жалаңтөс бабамыз қайда туылған?
2. Ол қай ұлы атамыздың туысы?
3. Самарқанттағы құрылыштар жайлыш естідіңдер ме?

### **Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:**



1. Атақты Ұлы бабаларымыздан кімдерді білесін?
2. Әмір Темір мұражайы туралы айтып бер. Ұлағатты сөздерін жаттап ал.
3. Төле би неліктен «Қарлығаш би» деп аталған?
4. Абай Құнанбаев, Үбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов кім болған?
5. Жалаңтөс туралы айтып бер.



## V бөлім. КӨКТЕМ КЕЛДІ!



### КӨКТЕМ

Қанша жүректі  
Нұрлантып келдің.  
Қанша теректі  
Үірғалтып келдің.  
  
Қанша сәулеңе  
Сүйгізіп келдің.

Қанша сәукеле  
Кигізіп келдің.

Мына көлісің  
Қызық-ақ келдің.  
Қанша тырнаны  
Тізіп ап келдің.

Қанша көп ектің  
Гүлін шынардың,  
Қанша бөбектің  
Тілін шығардың.

Қанша қалаға  
Ірге қаладың.  
Кел-кел, аяулым,  
Бірге барамын.

Қызартып келген  
Қырқаның белін,  
Іңкәрім менің,  
Сұнқарым менің.

(Төлеген Айбергенов.)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бұл жылдың қай мезгілі?
2. Көктем, терек, сәуле, тырна, шынар, бөлек, қала, сұнқар деген сөздерге көніл бөліндер.
3. Өлеңге басқаша ат қойып көріндер.



## Сөздік

Сәукеле—асыл таспен безелген ұлттық бас киім.



## 8 НАУРЫЗ-ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

### АҚ МАМАМ

Ұлғи мені жақтаған,  
Бетімнен бір қақпаған.  
Жаманымға күрсініп,  
Жақсы ісімді мақтаған.

Менсіз таңы атпаған,  
Мен деп тыным таппаған.  
Жүрем оның жанында,  
Күлімдеймін, шаттанам.

Ол—өзімнің ақ мамам,  
Ақ мамам деп мақтанам.

(Фариза Оңғарсынова.)



Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқындар.



## ТЫРНАЛАР

Жеткізгендей бір хабар,  
Естіледі әсем үн.  
Тырау, тырау, тырналар,  
Көп-ау бізге әсерің!

Шаршадындар, сеземін,  
Біздің жерге қонындар.  
Сендер үшін өзенім,  
Айдын шалқар көлім бар.

Сендер үшін су ағып,  
Сыңғырлайды бұлақтар.  
Сендер үшін қуанып,  
Би билейді құрактар.



Мизам ұшты қылаулап,  
Тал-ағаштар сарғайған.  
Тырау-тырау, тыраулап,  
Көріндіндер шалғайдан.

Ұшсандар-ақ тізіліп,  
Сендерден көз алмаймын.  
Тізбегіңе қызығып,  
Шақырудан талмаймын.

(Ілияс Муслим.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әсем ән нені жеткізгендей естіледі?
2. Өлеңде не туралы айттылған?
3. Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқындар.



### ГҮЛ

Біз–бір ауылдың үл-қыздарымыз.  
Бәріміз бір сыныпта оқимыз. Бүгін  
демалыс. Сондықтан Айсұлу, Айдана,  
Айкүн, Айжан және Айтуар, мен–ал-  
тау болып қырға шықтық.



Қырда гүлдер көп екен. Мен көбелек қуумен әурөмін. Қыздар қуанып гүл тере бастады. Айтуар бір кезде тізелей отырып:

—Мына бір үстіне көбелек қонған қызғалдақ—менің гүлім. Мен гүлімді ешкімге үздірмеймін. Айсұлу, гүлімнен қолынды тарт әрі!—деп жылап жіберді.

(Боран Қыдыров.)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бір ауылдың балалары қайда барды?
2. Айтуар неге жылады?
3. Мәтінге басқаша ат қойындар.



## НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ



Наурыз дегені – жаңа күн дегені. Әр жылдың 21 наурызында осы наурыз мерекесі атап өтіледі. Жер бетіне ең алғаш бәйшешектер қылтиып шығады. Халық Наурыз мерекесіне алдын-ала дайындалады. Жеті түрлі тағамнан наурыз көже әзірлейді. Наурызда ата-аналарымыз сүмелек пісіреді. Сүмелек – өте тәтті, шипалы тағам.

Наурызда аулалар тазартылады.  
 Қала мен дала гүлге оранады. Жаңа көшеттер егіліп, арықтар тазаланады.  
 Ұрысып қалғандар татуласады.

Бір-біріне сыйлық береді. Наурызға жақсы тілектер айтылады. Ел азаматтары ойнап-күледі.

(«Нұрлы жол» газетінен.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

- Наурыз мерекесі** қай күні мерекеленеді?
- Наурызда** қай тамақ пісіріледі?
- Наурызды** өздерің қалай өткізгендіктерің жайлы әңгімелеп беріңдер.



### ОЙЛАП ТАП



К  бай, көзіңе қ  п жүр.

Сөзінді ретімен айтып



Жаман нәрсені қолыңа .



Құдық қазсаң, терең .



—қорқақ,



—батыр.

### Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Ара, тауыс, алма, қаз, көз, қол—бұл сөздер қай сұраққа жауап болады?
2. Сендер де осындай сөзжұмбақ құрап келіндер.

### Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. «Көктем» өлеңін кім жазған?
2. «Ақ мамам» өлеңінде не туралы айттылған?
3. «Тырналар» өлеңін мәнерлеп оқындар.
4. «Гүл тақырыбындағы Айтуар тұралы айттып беріңдер.
5. Наурыз мерекесін қалай өткізгендерің туралы айттып беріңдер.





## VI бөлім. АДАМ – ӘДЕБІМЕН КӨРІКТІ

### ӘДЕП СӘЛЕМНЕН БАСТАЛАДЫ

Күнде үйінің қасынан,  
Көрші атамды көремін.  
Жүгіріп кеп асыға,  
Оған сәлем беремін.  
Қолымды ол күліп кеп,  
Иіліп тұрып алады  
– Міне, нағыз жігіт!

– деп,

Сүйсініп бір қалады.



М. Жаманбалинов




#### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Неліктен халқымыз «Әдептің басы – сәлем» дейді?
2. Қандай балалар сәлем беруді үмітып қояды?
3. «Ассалау мағалейкүм», «Уағалей-күмассалам» деген сөздердің мағынасын түсіндіріп беріңдер.

## ОҚУШЫНЫҢ ӘДЕБІ

1. Әдепті оқушы мектепте өзін қалай үстайды?
2. Сабакта және үзіліс кезінде орындалатын әдеп-құлышқ ережелері туралы айтып бер.



Ұстаз – әкендей ұлық.

## МЕКТЕП ЕРЕЖЕЛЕРИ

Оқушылар мектепте ұстаздары мен достарына жақсы мәміледе болуы керек. Білімді оқушының негізгі қасиеті – әдептілігінде.





## ҮЛКЕН СӨЗ СӘЙЛЕМЕ, ҮЛКЕН ОЙ ОЙЛА

Туғаныңнан артық туған жоқ,  
Жақсылық істе тұрыс жоқ.

\* \* \*

Адалдық – адамның нұры.

\* \* \*

Үлкен сөз сәйлеме, үлкен ой ойла.

\* \* \*

Сөздің сәулесі де бар, аязы да  
бар.

\* \* \*

Ер жігітте, біріншіден, ес болсын,  
Екіншіден, сес болсын.

\* \* \*

Ақылдан нұр шашырайды.

\* \* \*

Жақсының жаны – жаз.

\* \* \*

Әдепсіз адам – арсыз адам.

\* \* \*

Көз – көңілдің әйнегі.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Адамның бойындағы асыл қасиеттердің бірі қай қасиет деп ойлайсындар.
2. «Сөздің сәулесі» дегенді қалай түсіндіндер?
3. Ата-аналарыңынан сұрап, екі-үш мақал жазып келіндер.



### ӘДЕПТІ БАЛА

Үлкеннің де, кішінің  
Бабын тапқыш пысығын.  
Серуендетіп қайтады  
Кешке таман күшігін.

Қолқанаты әкенің,  
Көмекшісі шешенің.  
Сабағына барады,  
Жинап көрпе-төсегін.

Секілді су тұнығы,  
Кең түсінік ұғымы.  
Жуар ыдыс-аяқты,  
Қыздан бетер қылышы.

Көнілінді жықпайды,  
Үйден ұзап шықпайды.  
Ережемен оянып,  
Ережемен ұйықтайды.

Жақсылықтан шошынбай,  
Жамандыққа қосылмай.  
Барлық бала әдепті,  
Болу керек осындей.

(«Балдырган» журналынан)

### Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Бұл бала кімдердің несін тапқыш бала?
2. Барлық заң-ережелерді сақтап жүр.





## ДЕНСАУЛЫҚ ӘЛІППЕСІ

### 1. Тіс күтімі

Бөлек мінез, бітімі,  
Сәби болсаң түсінген.  
Жеке бастың күтімі  
Басталады тісіңнен.

### 2. Қол жууды ұмытпау

Құлағың сал, ал, тыңда,  
Ботақаным тұлымды.  
Ас ішердің алдында  
Ұмытпа қол жууды.

Айналдыра біл де оны  
Әдет, мінез-құлыққа.  
Ойыннан соң үнемі  
Қол жууды ұмытпа.



## 2. Таза тыныс, таза ауа

Ластама, былғама  
Айналанды қоршаған.  
Таза тыныс, таза ауа  
Сыйлайтұғын сол саған.

Үйір болар ласқа  
Микроб та, уыт та.  
Ұйытқы бол да, сыныпқа  
Кір-қоқысты жуытпа!

(Арасанбай Естенов.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жеке бастың күтімі нeden басталады?
2. Ас ішердің алдында, ойыннан соң нені жуу керек?
3. Қоршаған айналанды (ортаны), сынyp ішін, бөлменді ластама.

### Сөздік

Тұлым—шекеден, не шүйдеден қойылған шаш.

Микроб—тек микроскоппен ғана көруге болатын өте ұсақ жәндік.





## АТА НАСИХАТЫ



Әкесі балаларына: «Тату тұрыңдар!» деп талай айтыпты. Балалары тілін алмай, араздаса беріпті. Бір күні бір байлам сабауды алып келіп, балаларына беріп: «Сындырыңдар!» дейді. Балалары бірінен соң бірі алып, сындырайын десе, сабаулар сынбайды. Әкесі сабауларды алып шешеді де: «Бір-бірлеп сындырыңдар» дейді. Балалары оп-оңай сындырады. Сонда әкесі айтыпты: «Араздасып, араларың ашылса, сендер де осы сабаулар сияқты боласыңдар. Ұйымышыл болыңдар, жау женуі қыын болар».

(Ахмет Байтұрсынов.  
«Оқу қуралынан».)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Экесі балаларына не дейді?
2. Эке балалардың алдына не әкелді?
3. Бір-бірінмен тату болындар.

## Сөздік

Сабау-жұн, мақтаны тұтуге арналған таяқтар.

Ұйымшыл—бірлікшіл, ынтымақшыл.



## Алып ата

Қазақтың алып адамы кім? Ол ата—Ташкент облысындағы Төменгі Шыршық ауданының азаматы Қосақов Құралбай. Оның бойы 2 метр 43 сантиметр болған. Құралбай ата үлкен бөшкені қолтығына қысып алып, Шыршық өзенін кешіп өте береді екен.



## Әдепті балалар

Құралбай ата қонаққа барды. Алдынан шыққан сол үйдің баласы да, қызы да:

—Ассалау мағалейкүм,  
ата! — дәп сәлем берді.

Риза болған Құралбай  
ата:

—Уағалейкүмассалам,  
әдепті балалар екенсіндер  
той,—деді.



(«Нұрлы жол» газетінен.)




### Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Қазақтың ең бойы ұзын адамы кім?
2. Бала мен қыз атаға не деді?
3. Мәтіннің мазмұнын әңгімелеп беріңдер.

### АҚСАҚАЛДЫҢ АҚ БАТАСЫ

Оқуда алғыр бол,  
Ойлауға даңғыл бол.  
Әмірде әділ бол,  
Ашуда сабыр бол.  
Ісінде шебер бол.  
Ақылға кемел бол.  
Қыынға батыл бол.  
Еңбекте батыр бол.



Уәдеңе берік бол.  
Ауылныңа көрік бол.

(М. Әлімбаев.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ата қандай бата берді?
2. Батада не туралы айтылған?
3. Өлеңді жаттап алындар.





## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Сәулет пен Келбет аулада доп ойнап жүр. Ыстықтан тершігендеріне қарайтын емес. Келбет допты Сәулетке қарай лақтыра беріп, тоқтай қалды. Екі көзі қалықтай ұшып жүрген қарлығаштарда.

—Ананы қараши, әне!

Сәулет жоғары қарады. Қарлығаштар тәмендей ұшып, қайта көтерілді. Екі бала біраз қарап тұрды. Қарлығаштар шырылдап, айнала ұшып жүр.

—Ой,—деді сүрініп кеткен Сәулет тізесін сипалап,—әне, ана балапанды қараши!

—Қане, қайсы? Қай жерде?

—Әне! Байқа, басып кетпе!

Келбет келіп қарады. Кіп-кішкентай тұмсығын жерге тіреп, қызылشاқа балапан жатыр. Көздерін ашып-жұмып, дір-дір етеді. Сәулет балапанды ала-қанына салып көріп:

— Ұядан ұшып түскен ғой,—деді.  
— Тірі ме?  
— Иә, тірі сияқты.  
— Бізден қорқып тұрған шығар?  
— Онда ұясына салайық,—деді де, Келбет сатыны әкеліп үйдің қабырғасына сүйеді.

Балалар балапанды ұясына салды. Ұяда тағы үш балапан бар еken. Бәрінің аяғын қылмен матап тастаған.

— Мына балапан тентек еken.  
— Оны қайдан білдің?  
— Ұядан жайдан-жай құлай ма?..

Сәулет пен Келбет сатыны алды. Қарлығаштар ұяға қонды. Манағыдай емес, енді көнілді.

Олар көкке көтеріліп, балалардың тәбесінен екі-үш айналып өтті.

(Б.Данабеков.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мәтінде не туралы айтылған?

2. Балалар қарлығашқа қандай көмек көрсетті?
3. Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұны бойынша сурет салындар.



## КИІМ – БҰЙЫМ



Бір дегенім –  өрік,  
Кисең берер көрік.



Екі дегенім –  тік,  
Киши сәнді етіп.



Үш дегенім –  шік,  
Теріден тігер пішіп.



Төрт дегенім –  ымак,  
Қыста кисең, жылды-ақ.



Бес дегенім –  айпак,  
Оны да ки байқап.



Алты дегенім –  лқа,  
Мойныңа так, қалқа.

Жеті дегенім –  ейде,  
Көйлек деп жүр кейде.

Сегіз дегенім –  енсен,  
Жылдысы тонның сенсөн.

Тоғыз дегенім –  елпек,  
Болма, бала, тентек.

Он дегенім –  ймақ,  
Жүрме босқа ойнап.



(Мұрат Қуанышбеков.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бас киім мен аяқ киім аттарын және оймақ атын санамақтан біліп алдындар ма?
2. Бұдан басқа да санамақтарды оқып жүріндер.
3. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

### Сөздік

Сенсөн – қой терісі.

### Жұмбак

Бірге тұрып бір-бірін  
Сұрамайды ешқашан.

Кезек-кезек тепкенмен,  
Жыламайды ешқашан.

(Аяқ киім.)



Құндіз түспей үстімнен,  
Қайда барсам барады.  
Тұнде бәрі үстімнен  
Сыпрылып қалады.

(Үсткі киім.)

(Өмірзақ Қожамұратов.)



## АЙНҰР

Үш жасар Айнұр—қағылez қыз.  
Үлкендердің айтқанын ұғып алатын.  
Әжесі бірденесін таба алмай өбі-  
герленсе, Айнұрдан сұрайтын.

—Айнұржан, қайшыны көрдің бе?..

—Киіз төсегіштің астында жатыр.

—Ине-жіпті қайда қалдырдым?—  
дейді әжесі.

—Әже, әне түйреулі тұр ғой,—дейді  
Айнұр кішкене жастықшаны көрсетіп.

Әжесі Айнұрдың мәндайынан иіскеп: «Менің көзім», –дейтін риза болып.

Бірде Айнұр әжесі екеуі қонаққа барды. Автобуста кісі толы болатын. Айнұр әжесінің алдына отырып алған еді. Біраз жүргеннен кейін, автобустан жолаушылар түсіп, орын босады.

Осы кезде бір апай бұған:

–Ботақан, мына жерге отыра ғой, әжесінің аяғы ауырған шығар, –деді бос орынды нұсқап.

–Жоқ, отырмаймын, –деді Айнұр бірден кесіп.

–Неге? –деді апай күлімсіреп.

–Әжем, мені ұмытып қалдырып кетеді, –деді бұртиып.

Әжесі күліп жіберді. Немересін бауырына басты.

(Гүлбаршын Әзімбаева.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әңгімені кезектесіп оқындар.
2. Айнұр қандай қыз?
3. Кім оған риза болатын?
4. Автобуста қандай оқиға болды?





## НЕ ТӘТТІ?

Жиренше шешен бір күні жолда келе жатып, алдынан қарсы кездескен бір баладан:

– Дұниеде не тәтті, балам? – деп сұрайды.

Сонда бала:

- Бал тәтті, – деген екен.
- Ал не жұмсақ?
- Мамық жұмсақ.

Бұл баланың жауабын тыңдалап тұрған екінші бала:

- Осы сұрақтарыңызға мен жауап беріп көрейін, – деп өтінеді.
- Ал, айта қойшы, балам, не тәтті? – дейді Жиренше шешен.
- АナンЫҢ СҮТІ, – деп жауап беріпті бала.
- Не жұмсақ? – деп сұрағанда:
- АナンЫҢ ҚОЛЫ! – деген екен екінші бала.

Жиренше шешен осы екінші баланың жауабына дән риза болып, батасын беріпті.

(«Ел аузынан» кітабынан.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жиренше шешен бірінші баладан не туралы сұрады?
2. Екі баланың жауаптарын салыстырыңдар.



### «ӨКПЕЛЕГЕН ҮЛЕСІНЕН ҚҰР ҚАЛАДЫ»



Қоян-ана көжектеріне көп сәбіз әкеп, бір-бірден бөліп берді. Ең кенжесі – сұр көжек:

— Маған қотыр сәбіз бердің, жемеймін, — деп, ұртын бұртитты. Жуантық түп жағында бұршақтың үлкендігіндегі ғана екі-үш бұртігі бар сәбізді басқа бір көжек қағып алды да, бір-ақ асады. Сұр көжек аш қалды.

Атасы оған:

— Солай, балам... «Өкпелеген үле-  
сінен құр қалады», — деді.

(«Ел аузынан» кітабынан.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қоян-ана көжектеріне не әкеп берді?
2. Сұр көжек неге ұртын бұртитты?



### Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Халқымыз неліктен «Әдептің басы—  
сәлем» дейді?
2. Мектеп ережелерін айтып беріңдер.
3. Адам бойындағы асыл қасиеттер  
нелер?
4. Әдепті бала қандай болады?
5. Жеке бастың күтімі нeden баста-  
лады?
6. Ата насихатын айтып беріңдер.
7. Қазақтың ең бойы ұзын адамы кім?
8. Ата қандай бата береді?
9. «Қайырымдылық» әңгімесін мазмұн-  
дап беріңдер.
10. «Айнұр» мәтініндегі автобуста  
қандай уақиға болды?





## VII бөлім. ЕРТЕ, ЕРТЕ, ЕРТЕ ЕКЕН

### ӨРМЕКШІ, ҚҰМЫРСҚА, ҚАРЛЫҒАШ

Атасы он жасар баласымен дала-  
да келе жатып, баласынан сұрады:

—Анау өрмекшіні көремісің?

—Көремін, өрмек тоқып жүр.





—Анау құмырсқаны көремісің?

—Көремін, аузында бір нанның ұнтағы бар, жүгіріп кетіп барады.

—Жоғары қара, көкте не көрінеді?

—Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр.

Аузында көлденең тістеген шәбі бар.

Сонда атасы:

—Олай болса, шырағым, ол, кішкентай жәндіктер, саған ғибрат: өрмекші, маса, шыбынға тұзақ құрып жүр. Бір нанның ұнтағын тапқан құмырсқа өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шәп жинап жүр. Жұмыссыз бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттен, — деді.



(*Ыбырай Алтынсарин.*)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Атасы баласынан не деп сұрады?
2. Баласы не деп жауап берді?
3. Атасы қандай шешімге келді?
4. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқып көліндер.



## САҚШЫ САУЫСҚАН

Ашық жерде бөдене балапандарын жайып жүр еді. Күн жылы. Шөп қалың. Бөденелер алаңсыз.

Қарағайдың бұтағында сауысқан отырған. Ол шықылықтай бастады. Бөдене жан-жағына қарады. Жер бауырлап түлкі келеді еken. Бөденелер ұшып, бұтақтың басына қонды. Түлкі сауысқанға ыза болды.

*(Халық ауыз әдебиеті.)*



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бөдене қайда, не істеп жүр еді?
2. Қарағайдың басында не отырған?
3. Түлкі сауысқанға неге ыза болды?

## 4. Эңгіме неліктен «Сақшы сауысқан» деп аталған?



### Сөздік

*Шықылықтай бастады—құстың дыбыс шығарып, сайрай бастауы.*

*Жер бауырлап—бауырын жерге тигізейін-тигізейін деп келуі.*



### ТЫШҚАННЫҢ АҚЫЛЫ

Бір заманда тышқандар жиналышп, мысықтан қалай құтылудың амалын ойластырады. Ұзақ әңгімeden кейін бір тышқан:

—Мен таптым! Мысықтың мойнына қоңырау тағу керек. Сонда оның келе жатқаны алыстан естіледі. Ал біз тез тығылышп үлгереміз,—деп ұсыныс жасайды.

Барлығы:

—Табылған ақыл екен!—деседі.

Сонда манадан бері үнсіз тұрған көрі атжалман:

—Жарайды, мысықтың мойнына қоңырау тақсақ жөн болар делік. Ал сол қоңырауды кім тағады?—депті.

(«Ел аузынан» кітабынан.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:


1. Тышқандар нені ойластырыды?
2. Олар қандай шешім тапты?
3. Ертегіні мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беріңдер.



### ҮЙ ЖАNUАРЛАРЫ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Бір кездері аңдардың бәрі орман-тоғайда өмір сүрген. Бір күні олардың оты сөніп қалады да, аңдар жақын жердегі ауылдан от әкелуге тауықты жіберіпті.

Ауылға келген тауық жылдынып, рақаттанады да өзіне-өзі: «Маған бұл жер де жаман емес екен, тоғайға барып қайтем?!»—деп орманға қайтпай, ауылда қалып қояды.



Тауықтың от әкелуін ұзақ күткен хайуандар әбден үміттерін үзген соң, итті жұмсап, одан мүмкіндігінше тез оралуын өтінеді.

—Мені тауық сияқты дейсіңдер ме, ұяттың не екенін білемін ғой,—деп ит жолға шығады.

Иттің ауылға келіп, отқа жақын шоқыып отырып, жылдынуы мұң екен, «Мен несіне кері қайтамын, бұл жер сондай жақсы екен» деген тұжырымға келеді.

Андар итті де ұзақ және босқа күтеді. Олар енді иттің келмейтінін білген соң, ешкіге:

—Енді, ешкі, сен бар, бірақ анау екеуі сияқты қалып қоймай, тез кел!—деседі.

—Жоқ, о не дегендерің, мен тауық пен ит секілді ұятсыз емеспін ғой,—деп жауап береді ешкі.

Ауылға келіп, отқа жылдынып, тағамның қалдығын жеп тойған соң: «Шынын айтқанда, маған онда қайта барудың қажеті қанша, бұл ара өте үнайды»,—деген қорытындыға келеді де, ешкі де қалып қояды.

Сөйтіп, хайуандар от ала алмайды, ал тауық, ит, ешкі үй жануарларына айналады.

(«Халық ауыз әдебиетінен»).



### Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Бір кезде андар қайда өмір сүрген?
2. Аңдар тауықты неге ауылға жіберді?
3. Тауықтан кейін нені жұмсады?
4. Ертегінің мазмұнын айтып беріңдер.



## АҚЫМАҚ АЮ

Ертеде бір аю орманды мекендейді. Өзі аздап ақымақтау екен. Бір күні ол бал іздеуге шықты. Сол күні жарық және жылды болды. Қарсы алдындағы ағаштың үстінде араның ұясы тұр екен. Аю қатты қуанды. Ол аралардың қауіпті екенін білген жоқ. Ағашқа шығып, үйшікті бұзды. Аралар ызылдап, ашуға мінді. Аюды шаға бастады. Ақымақ аю өрең қашып құтылды.

Аяла Закирова



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Аю ертеде қай жерді мекендейді?
2. Аю неге қуанды?
3. Жаман әдеттерден арылуға әдеттеніндер.



## СӘРУАР

(ертеғі)

Ол жақта бал бар ма? Мен қорықпаймын, бірақ ол жақта бал болмаса, несіне барамын?

Менімен бірге айға ұшасың ба?  
Келісейін, төрт күнге – төрт марқа.  
Қарным қампиып тоя алмайтын жерге  
бармаймын.

Онда тауықтар бар ма екен? Ол  
жақта тауық болса ғана барамын.

Қорқамын.

Сәруар андардың бәрі өзіне серік  
бола алмайтынын білген соң, еліне  
қайтады.

Сәруар орманнан өтеді.

Сәруар теңізден өтеді.

Сәруар таудан өтеді.

Сәруар еліне жетеді. Алдынан  
күшігі мен мысығы шығады.

Сәруар пыр-пыр еткен мысығы  
мен Саққұлақ күшігін алып, Айға  
ұшып барып, аман-есен еліне қайта  
оралыпты.

С. Оспанов



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Сәруар нені армандады?
2. Ол қайда ұшып барып, тағы қайда  
оралды?



## ЕКІ СОҚА

Бір заводтан екі соқа қатар істеліп шықты. Біреуі егіншінің қолына тұсті. Егінші онымен жер жырта бастады.

Екінші соқа еш қимылсыз аулада жатты.

Арада бірнеше ай уақыт өткен соң, екі соқа кездесіп қалды. Жұмыс істеген соқа күмістей аппақ болып, жалтырап тұр.

Ал қимылсыз жатқан соқа тот басып, қарайып кеткен.

Тот басқан соқа екінші соқадан:

Сен неге мұнша жалтырап, әдеміленіп кеткенсің? – деп сұрайды.

– Мен еңбек еттім. Еңбек кімнің де болса шырайын кіргізбей ме? – деп, жауап береді анау.

Спандияр Көбеев



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Заводтан неше соқа қатар шықты?
2. Қай соқаның қимыл-әрекетін қолдайсындар?

3. Әдемілік жайлы ата-анаңнан сұрап,  
екі-үш сөйлем жазып келіндер.



## КӨКӨНІСТЕР АЙТЫСЫ

(ертегі)

Ерте-ерте заманда,  
Еңбек сүйген адамға.  
Екі қолға бір күрек,  
Табылышты әманды.

Ағарып таңдар атыпты,  
Қызырып күндер батыпты.  
Бақшаға келсе бір күні,  
Айтысып бәрі жатыпты.

**Сәбіз:**

Адам бойын өсірем,  
Ауруын көздің кетірем.  
Бойшаң сұлу сәбізбін,  
Күн көзімен жетілем.

**Алма:**

Алма деген арумын,  
Темірдің көзі дәрумін.

Сақталамын тым ұзақ,  
Сондықтан мен тәуірмін.

**Қарбызы:**

Шөлдесе, шөлі қанатын,  
Бүйрекке шипа табатын.  
Адам үшін пайдалы,  
Жоғары мениң санатым.

**Пияз:**

Жасауратып көзінді,  
Ауруға қылам төзімді.  
Мың да бір шипа пиязбын,  
Серт қылам осы сөзімді.



## Қызанақ:

Мен күштімін бәріңнен,  
Тербеймін тегіс әніммен.  
Сұлу да тәтті мен ғана,  
Көрінбей ме сәнімнен?!

## Бағбан:

Таласпаңдар, қойындар,  
Араздықты жойындар.  
Бәрің қымбат мен үшін,  
Араздықты қойындар.



## Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Көкөністердің ішіндегі бойшаңы қайсы?
2. Бағбанның сөзімен келісесіндер ме?



## ӨЗ ҮЙІМ – ӨЛЕҢ ТӨСЕГІМ

(Ел аузынан)

Бұл мәтелдің: «Өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деген де нұсқасы бар, яғни кең сарайдай боз үйде біреуге

жалтандалап тұрғанша, кең көсліп, еркін жатып-тұратын жаман лашық болса да, өз үйім артық деген ойды мәнзейді.

Жиренше үнемі Жәнібек ханның сарайында тұрады еken. Бірақ ханнан: «Үйіме барып келейін», – деп сұрана беріпті.

Хан бір күні Жиреншені үйіне жібереді. Содан «Осының үйін көре-йінші», – деп, өзі де оның сонынан барыпты.

Жиреншенің үй дегені – күрке, көрпе-төсегім дегені – өлеңшөп еken.

Хан келсе, Жиренше керіліп-созылып, аяғы күркесінен шығып жатыр еken. Хан күліп:

- Шешенім-ау, «Үйім-үйім» дегенің осы ма? – депті таңдана.

Сонда Жиренше:

- Иә, тақсыр, өз үйім – өлең төсегім, – депті масаттана.



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мәтін не туралы?
2. Жириенше шешеннің үйін сипатта.
3. Жириенше «Өз үйім – өлең төсегім» деп неліктен айтты?



## Сөздік

Шешен – сөзге ағып тұрған шебер, тілге жүйрік адам.

Боз үй – ақшыл киізден жасалған үй.

Лашық – жұптыны, тозған баспана.



## КІМ БОЛМАҚСЫҢ?

- Күшік, сен кім болмақсың өс-кенде?
- Ит боламын аяққа жармаспайтын.
- Құлышын, сен ше?



— Мен бе, мен өскенімде  
Ат боламын жаңылып жар баспай-  
тын.

— Шөже, сен кім болмақсың ержет-  
кенде?

— Әтеш болам мезгілсіз шақыр-  
майтын.

— Қодық, сен ше?

— Мен бе, ержеткенде есек бола-  
мын орынсыз ақырмайтын.

— Лақтай, сен кім болмақсың, әй,  
қарағым?

— Ешкі болам ешкімді сұзбейтүғын.

— Қозы, сен ше?

— Мен бе, қой боламын

Өзінен үлкендерді «сіз» дейтүғын.

(М. Омарұлы)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жоғарыдағы суретте не бейнелен-  
ген?
2. Қүшік, құлыш, шөже, қодық, лақ —  
бәрінің жауаптары дұрыс па?

3. Қозының жауабы туралы пікірлерінді айтындар.

### Жаңылтпаш

Астымдағы тағалы ат,  
Тағалы атым бағалы-ақ.

### Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Өрмекші, құмырсқа, қарлығаштар қай әңгіменің кейіпкерлері?
2. Түлкінің сауысқанға ыза болатыны қай әңгімеде айтылады?
3. Ертегінің мазмұнын түсініп оқындар.
4. «Тышқанның ақылы» ертегісінің мазмұнын айттындар.
5. Аңдар қайда өмір сүрген?
6. Аңдар тауықты неге ауылға жібереді?
7. «Ақымақ аю» ертегісін мазмұндалап беріндер.
8. Сәруар нені армандаиды?
9. Заводтан неше соқа қатар шықты?
10. Көкөністер қалай айтысты?
11. Жиренше шешен кім?



## VIII бөлім. ТЫНЫШТЫҚ ЖӘНЕ ДОСТЫҚ



**АТА-БАБАЛАР ЖАДЫ МӘҢГІЛІК  
9 МАЙ – ЕСКЕ АЛУ ЖӘНЕ  
ҚАСТЕРЛЕУ КҮНІ**



Отансүйгіш азаматтарды еске алу – азаматтық борышымыз. Қарттар мен сырқаттардың жағдайынан хабар алу – жақсы қасиет.

## АРДАҚТЫ БОРЫШ



Әлішер Науай қызметшілерімен серуеннен қайтып келе жатады. Ол жол шетіндегі мола алдында аттан түсіп, жаяу жүреді. Қызметшілері де аттарынан түсіп, оның артынан ереді. Моладан алыстаған соң, барлығы қайтадан атқа мінеді. Олар ақыннан мола маңында жаяу жүру себебін сұрайды. Сонда Әлішер Науай былай депті:

– Бұл жерде ата-бабаларымыз, ұлы адамдар мәңгі үйқыда жатыр.

Олардың алдынан ат шаптырып өту адамгершілікке дұрыс келмейді. Атабабаларымыздың есімдерін қастерлеу – ардақты борышымыз.



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қай қасиеттерді үлгі тұтасындар?
2. Әлішер Науай не үшін аттан тұсті?
3. Әлішер Науайдың жауабын мәтіннен табындар.



### ДОСТЫҚ – ҰЛЫ ТУЫМЫЗ

Дос бауыр көп,  
Тосқауыл жоқ,  
Айқара ашық есігі.  
Ұлы Отаным,  
Гүл Отаным –  
Тыныштықтың бесігі.

Тілегі бір,  
Жүрегі бір  
Достармен біз біргеміз.  
Тұрыс барда,

Құрыштан да  
Берік біздің іргеміз.

Әли Ысқабаев



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Гүл отаным дегенді қалай түсінесіндер?
2. Не үшін біздің іргеміз берік екен?



### ДОСТЫҚ

Дән екsem, жерге достық егер едім.  
Бұлт болсам, соған тамшы себер  
едім.

Жайнаған гүлден гөрі, ыстық құмға  
Дос үшін жылда айналып келер едім...

Жұмағали Саин

### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Дән екsem, жерге достық егер едім» дегенді қалай түсінесіндер?
2. Ақын кім үшін ыстық құмға жылда айналып келер еді?





## МЫСЫҚ ПЕН ТЫШҚАН

Баяғы заманда мысық пен тышқан дос болыпты. Бір-бірін жақсы көріпті. Бір үйде тұрыпты. Бірге ойнап, бірге жүріпті. Бірақ тышқан бірте-бірте жалқау бола бастапты. Беті-қолын жумай тамақ ішеді екен. Топыраққа аунап жата кетеді екен. Қамбадағы астықты ұрлап, ін қазып, соған таси беріпті. Оның бұл қылышын мысық ұнатпапты.

— Беті-қолыңды мен сияқты жу, — депті.

— Кір-қожалақ болма, — депті.

— Ұрлық жасама, — депті.

Ал тышқан оның бірде-бір сөзін тыңдамапты. Айтқанын істемепті. Мысықтың бұған жыны келеді. Тышқанды ұстап алып, бетін жумақ болады. Қуа жөнеледі. Тышқан қашып, қуыстан-қуысқа тығылады. Ұстаптайты.

Күнде беті-қолын жуатын мысықты адам үйіне кіргізіп алыпты. Содан

бері мысықтар таза, жарық үйде, ал тышқан қараңғы, лас інде өмір сүретін болыпты.

Мәлике Әбдірашева



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мысық пен тышқан не болыпты?
2. Тышқан ненің сөзін тыңдамапты?
3. Мысық қай қылышы үшін үйге кіріп алады?



### ӘДЕПТІ БАЛА – АРЛЫ БАЛА

Сәлім аулада Әлім деген досымен ойнап жүрді. Үйге қарай қолына таяқ ұстаған қарт кісі келе жатты.

Сәлім жүгіріп барып қарияға сәлем берді. Қарт:

– Көп жаса, балам! Атаң сені өнегелі іске үйреткен еken! – деп риза болып қалды.

Ол Сәлімнің құрдасы Әлімді көріп:

– Балам, сен неге сәлем бермей-сің? – деді.

— Ата, мен сізді танымаймын ғой, —  
деп жауап берді Әлім.

— Үлкендерге танымасаң да, Сәлім  
сияқты сәлем беруің керек, — деді  
қария.

Әлім үялышп, төмен қарады.

«Балдырган» журналынан



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қарт кімге риза болды?
2. Әлім қайтті?
3. Әлім неге үялды?



### ӨЗБЕК БАУЫРЫМ

Сыртта қалмас, досына  
Жайы бар оның.  
Жолаушыға бір пиала  
Шайы бар оның.

Еңбек етіп иілген —  
Жайы бар оның.  
Әр жыл жазда ғимарат —  
Лайы бар оның.

Жарық жұлдыз – ұл-қызы,  
Айы бар оның.  
Аттың ізін басатын  
Тайы бар оның.

Көкке атып топысын,  
Көкейінен бал тамар  
Райы бар оның.  
Өзбекстан –  
Жаннattай жайы бар оның.

*Ділшат Ражабов*



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өлең не себептен «Өзбек» деп аталған?
2. «Әр жылы жазда ғимарат» деген сөзді қалай түсінесіңдер.
3. Өлеңнің қалаған шумағын жаттап алындар.



## Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. 9-май қандай күн?
2. Әлішер Науай кім?
3. Әлішер Науайдың қай қасиеттерін ұлы тұтасындар?
4. «Гүл Отаным» дегенді қалай түсінесіндер?
5. Ертегінің мазмұнын айтып беріңдер.
6. Сәлім мен Әлім кімдер?
7. Әлім неге ұялып қалды?
8. Біздің іргеміз берік деп қай өлеңде айтылған?
9. Ақын аталарың дәнді неге достық сөзімен байланыстырады?
10. Өлең не себептен «Өзбек бауырым» деп аталған?



## IX бөлім. ЖАДЫРАП ЖАЗ КЕЛДІ



(Сыныптан тыс оқу)

### ЖАЗ

Қысқа күндер ұзарып,  
Қап кетпейсің жауынға.  
Алма, алша қызарып,  
Бал татиды қауын да.

Өздерінше «шуласып,»  
Ұзындаиды аралар.  
Шөпшілерге су тасып,  
Мәз болады балалар.

Кеше еді көк көшет,  
Емеспіз енді көз алар.  
Бойға түйіп көк көсек,  
Шайқалып тұр қозалар.

Баламын ғой ойланар,  
Кітап оқып жазда мен.  
Күн аралап той болар  
Керемет қой жаз деген.

(«Балдырганнан».).



## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жаз–жылдың нешінші мезгілі?
2. Жазда нелер бал татиды?
3. Балалар неге мәз болды?
4. Не жазда шайқалып тұрады? Осы сұрақтың жауабын өлеңнің жолда-рынан табындар.



## МАУСЫМ

Маусым келді, жаз келді,  
Айнала жүзді, қаз көлді.  
Демаламыз, алақай,  
Үш ай бізге аз ба енді?

Маусым дейді саратан,  
Атқандайын дара таң.



Көлде жүзер үйректер,  
Ирек салып балапан.

Қандай ғажап маусымда,  
Жазғы жаңбыр жаусын да.  
Естисің ғой таң ата,  
Құс шуылын, даусын да.

(Бақытжан Тобаяқов.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Маусым айы жылдың қай мезгіліне жатады?
2. Үйректер қайда жүзеді?
3. Таң атқанда ненің дауысы естіледі.



### ИТМҰРЫН

- Ассалаумағалейкүм!
- Ұағалейкүмассалам.
- Аға, қолдарыңыздагы не?
- Итмұрын.
- Ол қайда өседі?
- Тауда, ауылда.
- Мұны неге алдыңыз?
- Тұнбасын ішейін деп едім, шырағым.

—Сонда итмұрын шипалы өсімдік пе?

—Иә, мұның өте жақсы өмдік қасиеті бар.

—Итмұрынды қай кезде жинайды?

—Күзде.

—Оның несі пайдалы?

—Айттым ғой, итмұрынның тұнбасы пайдалы деп.

—Рахмет, аға, әңгіменізге.

(Ағира Хайдарова.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Басында бас бармақтай жемісі бар тікенді өсімдікті көргендерің бар ма?
2. Ол қай жерлерде өседі екен?
3. Итмұрынның несі пайдалы екен?
4. *Итмұрын, тұнба, шипа* деген сөздерді дәптерлеріңе жазып қойыңдар.
5. Мәтінді көтеріңкі дауыспен, сұрай айтылған мағынада оқындар.



## АРА АДАМДЫ НЕГЕ ШАҒАДЫ?



Бал жинап жүргөн араның көзі қызарған қызанаққа түседі. Жапыраққа жасырынған қызанақ қорыққаннан дірдір етеді.

Ара аң-таң.

—Кімнен қорқады?

—Неге жапыраққа жасырынады?

Жақындап келіп, жайлап қана қызанақтың хал-жағдайын сұрай бастайды.

—Айтшы, қызанақ, саған не болған?

Жапырақ жамылдып, кімнен жасырынып тұрсың?



—Мен бе? Мен...—қызанақтың даусы өзер шықты. —Адамдардан.

—Неге?

—Өйткені, олар мені жеп қояды.

Сабағымнан жұлып жуады да, пышақпен кескілеп етімді ауыртады. Ал кесілген жеріме тұзды ондырмай себеді-ай келіп. Онсыз да ауырып тұрған жерім енді ашып, азаптайды. Сондықтан да жасырынам.

Тәттіден басқаның дәмін татып көрмеген ара қызанақтың әңгімесін естіп көңілсіз күйге енеді.

Міне, содан бері адам атаулыны көрсе шағатын болыпты.

(Райхан Мәжіенқызы.)



### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қызанақ (помидор) неге дір-дір етті?
2. Неліктен ара адамды шағатын болыпты?





## ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

### Бұлт

Жалбыр-жалбыр жөні ұзын  
Жабағыдай,  
Жөңкіген бұлт көк жүзін  
Жабады ұдай.

(Қадыр Мырзалиев.)



## Найзағай

Күркіреп тыным таппайды,  
Сонысы-ақ жұртқа жақпайды.  
Мінезі тентек болған соң,  
Бұлтқа орап сақтайды!

(Қайрат Жұмағалиев.)

## Жаңбыр

Жау-жау, жаңбыр, жау, жаңбыр!  
Жауған жаңбыр – жауған нұр.  
Жердің шаңы басылсын,  
Гүлдің аузы ашылсын.  
Еккен егін көктесін,  
Бізге нанды көп берсін!

(Жақан Смақов.)

## Бәйшешек

О, бәйшешек, бәйшешек,  
Бүр жарғаның тамаша.  
Бағымызды құлпыртып,  
Тұрғандарың жараса!

(Зафар Диёр.)



## Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Аспанды алдымен не басады?
2. Найзағай қалай жарқылдайды?
3. Жаңбырдан соң жерді не жарып шығады?
5. «Бәйшешек» өлеңін жаттап келіндер.



## ТАБИҒАТТЫ ТАНЫП ӨС



Мен шымшықпын, шымшықпын,  
Ісі аз емес шымшықтың.  
Шіркей, құрттан қорғаймыз  
Бау-бақшасын Шыршықтың.



Өтсе-дағы балалық,  
Бір шындықтың бары анық:  
Бал жисақ та, ешкімге  
Бара алмаймыз бал алып.



Әй, масқара, масқара,  
Айта көрме басқаға.  
Өрт сөндіргіш киетін  
Ұқсайды екем каскаға.

Мен кірпімін, кірпімін,  
Інімізге кір бүгін.  
Тікен-тұрпім көптіктен  
Көрінбейді кірпігім.



(«Нұрлы жол» газетінен.)




### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Шымшықтардың қандай пайдасы бар?
2. Аралардың қандай тұрлерін біле-сіндер?

### КЕЛ, САНАЙЫҚ

—Үйде нешеу еkenбіз?  
Кел, санайық екеуміз:  
Бас бармағым—папам,  
Балаң үйрек—апам,  
Ортан терек—ағам,  
Шылдыр шүмек—мен,  
Кішкене бәбек—сен.  
Бір үйде біз нешеуміз?  
—Бір үйде біз бесеуміз.

(Ермек Өтегілеуов).



## Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Неліктен ара адамды шағатын болған?
2. Жаңбырдан соң не жарып шығады?
3. Шымшықтардың қандай пайдасы бар?
4. Жаз–жылдың нешінші мезгілі?
5. Жаздың аяғына жақын Өзбекстанда қай өсімдік пырдай болып ашила бастайды?
6. Итмұрын қандай өсімдік?
7. Жазды қалай өткізуді қалайсындар?
8. Жаз айында ойналатын ойындар атын атаңдар.
9. Жаз туралы жұмбақ, жаңылтпаш тауып жазындар.
10. Жаздан соң елімізде қай мереке ◆ аталып өтеді?



# МАЗМҰНЫ

## I бөлім. Біз – отанның болашағы

## II бөлім. Қыс тандары

Қыс .....	18
Жаңа жыл .....	19
Аязата келеді .....	20
Қыскы демалыс .....	21
Желмен жарыс .....	23

Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар .....	24
--	----

### **III бөлім. Білім–әмір шырағы**

Оқу мен білім туралы.....	25
Бабалар білім, әділеттік туралы не дейді? .....	27
Мұғалима.....	28
Ұйқасын тауып айтындар.....	29
Мектебім .....	30
Кітап .....	31
Дәптер .....	32
Пайдалы кеңес. Қамқоршы.....	33
Не жарасады?.....	34
Әріптерді табындар .....	35
Бағдаршам .....	36
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар .....	39

### **IV бөлім. Ұлылар ұлагаты**

Ұлы адамдар отаны.....	40
Әмір Темір .....	41
Әмір Темір мұражайына саяхат .....	42
Әмір Темірдің ұлағатты сөздері .....	45
Ұлы баба. Қарлығаш би .....	46
Абай. Абайдың нақыл сөзі.....	48

Әлішер Науай .....	49
Науайдың өнегелі сөздері .....	50
Әбу Әли Ибн Сина .....	51
Ыбырай Алтынсарин. Бұл кім? .....	52
Ахмет Байтұрсынұлы .....	53
Оқуға шақыру .....	54
Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлы .....	54
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар .....	55

## **V бөлім. Алақай, көктем келді!**

Көктем .....	56
8 Наурыз—әйелдер күні. Ақ мамам .....	58
Тырналар .....	59
Гүл .....	60
Наурыз мерекесі .....	61
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар .....	64

## **VI бөлім. Адам—әдебімен көрікті**

Әдеп сәлемнен басталады .....	65
Оқушының әдебі .....	65
Мектеп ережелері .....	67
«Үлкен сөз сөйлеме, Үлкен ой ойла» .....	68
Әдепті бала .....	69
Денсаулық өліппесі .....	71

Ата насихаты.....	73
Алып ата. Әдепті балалар.....	74
Ақсақалдың ақ батасы .....	75
Қайырымдылық.....	77
Киім – бұйым .....	79
Айнұр .....	81
Не тәтті? .....	83
«Өкпелеген үлесінен құр қалады» .....	84
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар .....	85

## VII ғимаратынан

Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш .....	86
Сақшы сауысқан .....	88
Тышқанның ақылы.....	89
Үй жануарлары қалай пайда болды? ...	90
Ақымақ аю .....	93
Сәруар .....	93
Екі соқа .....	95
Көкөністер айтысы.....	96
Өз үйім – өлең төсегім.....	98
Кім болмақсың? .....	100
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар .....	102

## VIII бөлім. Тыныштық және достық

Ата-бабалар жады мәнгілік	
9-Май – еске алу және қастерлеу күні...	103
Ардақты борыш .....	104
Достық – ұлы туымыз .....	105
Достық .....	106
Мысық пен тышқан.....	107
Әдепті бала – арлы бала .....	108
Өзбек бауырым.....	109
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар .....	111

## IX бөлім. Жаз

Жадырап жаз келді .....	112
Маусым .....	113
Итмұрын .....	114
Ара адамды неге шағады? .....	116
Табиғат құбылыстары. Бұлт .....	118
Найзағай. Жаңбыр. Бәйшешек.....	119
Табиғатты танып өс.....	120
Кел, санайық .....	121
Бөлімді қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар .....	122

**Умаров М.**

У 57   **Оқу кітабы.** Жалпы орта білім беретін мектептердің 1-сыныбына арналған оқулық / М. Умаров. Тоғызынышы басылым. – Т.: «O'zbekiston», 2019. –128 б.

ISBN 978-9943-01-730-6

УУК 372.41+821.512.122-3

КБК 81.2 Каз-93

*O'quv nashri*

**Mahkamboy Umarov**

**O'QISH KITOBI**

Umumiy o'rta ta'lim maktabalarining 1-sinfi uchun darslik

*(Qozoq tilida)*

To'qqizinchи nashri

Original-maket «O'zbekiston» nashriyot-matbaa ijodiy uyida tayyorlangan.  
100011, Toshkent, Navoiy ko'chasi, 30.

Редакторы Г. Нишанова

Суретшісі Т. Каримов

Көркемдеуші редакторы Х. Құтлуков

Техникалық редакторы Т. Харитонова

Компьютерде беттеген Г. Құлназарова

● Баспа лицензиясы АI №158, 14.08.2009.

Басуға 2019 жылы 23 январьда рұқсат етілді.

Қалыбы 70x90<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз. Офсеттік әдіспен басылды.

Қаріп түрі «Pragmatica Kazakh». Кеглі 18.

Шартты баспа табағы 9,36. Есептік баспа табағы 9,75.

Таралымы 5792 дана. Тапсырыс №433.

«Sharq» баспа-полиграфия акционерлік

компаниясының баспаханасында басылды.

100000, Ташкент, Буюк Турон көшесі, 41.